



Жалағаш Жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық азамат

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Отан – қымбат қазына



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары, қадірлі жерлестер!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ел қорғау – ер азаматқа жүктелер ең қасиетті міндеттің бірі. Ата-бабаларымыз кеңбейтін жерімізді, ел бірлігі мен тыныштығын сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Бүгінде сол аманатқа адал болу – баршамыздың ортақ парызымыз.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығының сенімді кепілі. Отан алдындағы жауапкершілікті абыроймен атқарып жүрген сарбаздарымыз бен офицерлерімізге әрдайым құрмет көрсетіледі. Тәуелсіз еліміздің айбынын асқақтатып, ел тыныштығын күзетіп жүрген азаматтардың еңбегі қашанда жоғары бағалауға лайық.

Бұл мереке – тек әскери қызметкерлердің ғана емес, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігіне үлес қосып жүрген барша азаматтың мерекесі. Жастарымыз отансүйгіш, елжанды болып өсіп, мемлекетіміздің дамуына адал қызмет етеді деп сенеміз.

Әскеріміздің мерейі үстем, абыройы биік болсын! Еліміздің іргесі берік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

Баршаныңа зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс пен бақ-береке тілеймін!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен
Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Бәрекеді Сыр сақшылары тазалыққа үлес қосты

Сыр елінің бас шаһарында жаңғыртудан өткен Президент саябағында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тәртіп сақшыларының ұйымдастыруымен кең ауқымды экологиялық іс-шара өтті. Іс-шараға департамент басшылығы, ардагерлер кеңесі және жеке құрам қатысты. Қатысушылар белгіленген дресс-кодқа сәйкес ақ түсті бас киім, «Таза Қазақстан» логотипі бар ақ футболка және көк түсті шалбармен келді.



Таңғы салқынмен тәртіп сақшылары бұл күні өздерінің әдеттегі қызметінен бөлек қырынан көрінді. Облыстың бас полициясі езі бастап тал екті. Қызметкерлердің бірі күрек алса, енді бірі шелекпен су тасыды. Әрбір егілген тал қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған маңызды қадам болды.

Аталған акция Мемлекет басшысының қолдауымен республика көлемінде жүзеге асырылуда. Бұл бастама елімізде қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруға және табиғатты аялауға бағытталған.

Қатысушылар ағаш көшеттерін отырғызды. Бұл игі бастама арқылы полиция қызметкерлері болашақ ұрпақтың табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, қоршаған ортаны жақсаруына өз үлестерін қосты.

Бүгін егілген әрбір көшет – ертеңгі күннің саялы бағы, болашақ ұрпаққа қалдырылған құнды мұра. Сонымен қатар акция аясында полиция қызметкерлері ардагер қариялардың үйлеріне арнайы барып, оларға көмек көрсетті. Үй аулаларын тазалап, көптен бері жиналып қалған қоқыстарды шығарып, айналасы ретке келтірді. Өз кезегінде ардагерлер тәртіп сақшыларына алғысын айтып, аталық ақ тілектері мен баталарын берді. Бұл бастама үлкенге құрмет көрсетіп, ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың жақын үлгісі болды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы – еліміздің табиғатын қорғау, қоршаған ортаны жақсарту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолындағы маңызды бастаманың бірі. Бұл акция тек сенбілік немесе ағаш отырғызумен шектелмейді, ол – ер азаматтың туған жерге деген жанашырлығы, жауапкершілігін көрсететін игі іс. Бүгінгі отырғызылатын ағаштар – болашақ ұрпаққа қалатын жасыл мұра. Әр отырғызылған тал – еліміздің экологиялық қауіпсіздігіне қосылған үлес, – деді Полиция департаментінің бастығы Серік Ершов.

Полициягерлердің бұл іске қатысуы олардың тек тәртіп сақшысы ғана емес, қоғамға жанашыр азамат екенін де көрсетті. Олар табиғатты қорғау әр адамның ортақ міндеті екенін іс жүзінде дәлелдеді. Осылайша қарапайым тал егу жұмысы үлкен тәрбиелік мәні бар, елге үлгі болатын игі іске айналды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Отан – қасиетті ұғым, қымбатты қазынамыз, ата-бабаларымыздың білектің күшімен, найзаның ұшымен сақтап қалған аманатымыз. Отан деген бір ғана сөз қаншама адамның жүрегінде патриоттық, бойында мақтанш сезімін тудырады. Отан, туған жер, туған ел дегенде туаламайтын қан, жылымайтын жүрек жоқ шығар, сірә. Шыр етіп дүние есігін ашқан қасиетті Отанын жаудан қорғаған батырлардың, XX ғасырдағы Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы аталарымыздың, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды батыр қыздардың ерліктерін дәріптеп, отансүйгіштік қасиетін қазіргі ескелең ұрпаққа дарыту – бүгінгі күннің парызы, яғни бізге міндет.

Қазақ өткенін ұлықтап, өшкенін қайта жаңғыртуда жолынан жаңылған жұрт емес. Тіпті саналы ғұмырын туған жердің түлеуіне сарп етіп, Отан қоғау жолында өнегелі өмірімен жұртының жадында қалған тұлғаларды дәріптеп, ескелең ұрпақтың бойына отанышылдықты, туған елге, жерге адалдықты, патриоттық тәрбиені сіңіруде.

Біз патриоттық тәрбиеде ақсамауымыз қажет. Дәл осы бағытта нақты мақсатқа еңбек етсек, тәуелсіз Қазақстанның беделі артпаса, білігі төмендемесі анық.

Қазір елімізде жастарды патриоттық тәрбиелеуде нәтижелі жұмыс бар. Атына адалдық танытқан, халықтың тыныштығын уақытпен санаспай күзеткен, ел қорғау жолында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен тұлғалардың тағалымына нәзік ерлікке толы өмір жолын дәріптеуде жүйелі жобалар қолға алынууда. Тіпті аядай ауылдарда дәл осы мақсатта кадет сыныптары өз жұмысын бастады. Өзіміздің шапғайдағы Аламекек ауылының мектебінде де ішкі істер саласында 10 жылға жуық қызмет атқарған Кеңесбек Әбішев атындағы «Жас полиция» арнайы кадет сыныбы жұмыс істейді. Небәрі 39 жыл өмір сүріп, саналы ғұмырын ел тыныштығын күзетуге сарп еткен тұлға артында өшпес із қалдырып, кейінгі ұрпаққа үлгі болды. Бір сөзбен айтқанда, алдына нақты мақсат қурып, сол жолда тынымсыз еңбек етті. Ел



алдында оның бүгінгідей беделінің артып, білігінің төмендеуіне бойындағы табандылығы, жауапкершілігі нәзік адалдығы сөп болды десек, артық болмас.

Кеңесбек Махметханұлы 1958 жылы 20 наурызда Аламекек ауылдық округінде дүниеге келген. 1964-1974 жылдары қазіргі Есет батыр ауылындағы №124 орта мектепте білім алған. 1975-1977 жылдары әскер қатарына қабылданып, Мәскеу қаласында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді. Ол әскерден келіп, 1978 жылы Қарағанды политехникалық институтына оқуға түседі. Кейін Қызылорда қаласындағы Гидрометеорология институтына ауысып, іргелі оқу орнынан арнайы маман болып шықты. Алғаш еңбек жолын туған өлкеде бастап, түрлі қызметтерді абыроймен атқарды. 1990 жылы Шымкент қаласындағы №9 полиция қызметкерлерінің курсынан өтіп, 1991 жылдан 1997 жылға дейін туған жерге қызмет ету мақсатында ауылда ұядық полиция қызметкері болып жұмыс жасады. 1997 жылы 23 қыркүйекте АІІ бөліміне лауазымды қызметке ұсынылып, майор шеніне бұйрық тағайындалған шақта қызметтік міндетін атқару барысында қаза тапты. Міне, осындай батыр тұлғаларымыздың өмір жолы бүгінгі ұрпаққа тәлім болары анық.

Ауданда аймақ бойынша кадет сыныбы бірінші рет ашылған еді. Мұнда тәрбиеленушілерге жас шектеу қойыл-

майды. Жетінші сыныптан жоғары оқушылардың барлығы кадет сыныбына қабылдана алады. Мұнда қатысушыларға саптық байқау, қаруды бөлшектеу, жинау үйретіліп, құқықтық негізде сабақтар өтеді. Алтасына 1 рет ішкі істер органдарының білікті мамандары келіп, оқушыларға сабақ береді. Сонымен қатар кадет сыныбының оқушылары қоғамдық тәртіпті сақтауға негізделген іс-шараларға қатысады. Алдағы уақытта білім саласында Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында белгіленген түрлі сала мамандықтарын меңгеруге бағыт беріледі, яғни кадет сыныбының оқушылары ант беріп, оның жауапкершілігін сезінуі тиіс. Сондай-ақ сала ардагерлері тоқсан сайын мұндағы оқушылармен кездесіп, өздері қызмет атқарған жылдары орын алғанқиғалар жөнінде естеліктер айтып, отансүйгіштікке, патриоттыққа баулуға өз үлесін қосады.

Ауданда ауылдық елді мекендер ішінде оқушылары көп мектептер қатарында Аламекектегі алтын ұя кеш бастап тұр. Оның ішінде ер балалар көп мектептер қатарында да бұл оқу орны алдының қатарында. Кадет сыныбының ашылуына көп уақыт болмаса да, балалардың мұнда көп тәжірибе жинағаны анық байқалады. Әсіресе оқушылардың қаруды уақытпен бөлшектеу жинаудағы шеберлігіне тәнті болсаңыз.

Аламекектен елдің ертеңіне адал қызмет еткен танылмай тұлғалар түлеп ұшқан. Солардың қатарында Кеңесбек ағамыз да бар. Бүгінде сала сақшысы атындағы кадет сыныбында оқушылар тәлім алуда. Мұндай сыныптар көптеп ашылуы тиіс, сол арқылы біз жастарға патриоттықты, отансүйгіштікті дәріптейміз. Сыныбымызда Қобыланды, Алпамыс батыр, Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай батырлар туралы жыр-дастандарды жатқа оқу, Ұлы Отан соғысында асқан ерлік көрсеткен ерлеріміздің өмір жолы туралы іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Оқушылар да кадет сабағын асыға күтеді, – дейді алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Ғалым Баймаханов.

Еліне адал қызмет етіп, саналы ғұмырын салаға сарп еткен қырағы полицейдің өзі өмірден өткенімен, есімі һәм ерлігі елінің жадында осындай игі істермен мәңгі жасай берері сөзсіз.

Сөз басында айтқанымыздай, біз әсіресе жастарға патриоттық тәрбие беруде, олардың бойына елжандылықты, адалдықты дәріптеуде кеш қалмауымыз керек. Өйткені Президентіміз айтқандай, баршамыздың жалғыз Отанымыз бар, ол – Қазақстан. Сол тәуелсіз мемлекеттің болашағы жастармен тікелей байланысты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Маман мерейі

Балаларды патриоттыққа баулыған

Құрманғазы Әбжәмиловтің Жаңаталап ауылындағы №119 орта мектепте шәкірт тәрбиелеп келе жатқанына 30 жылдан асқан. Алғашқы 20 жылында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып, ауыл балаларын спортқа баулыған кейіпкеріміз – бүгінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі.

– Біз мектеп қабырғасында білім алып жүргенде ауылдағы алтын ұямыз 8 жылдық еді, яғни мұндағы оқушылар 8-ші сыныптан кейін білімін орталық ауылдағы орта мектепте немесе аудан орталығындағы колледжде жалғастыратын. Біз 8-ші сыныпты бітіретін жылы мектебіміз 10 жылдық орта мектеп болып өзгерді, яғни біз 9 бен 10 сыныпты ауылда оқыған мектептің ең алғашқы тұлғамыз. Сол жылы мектепке жас мамандар келіп бізге сабақ берді. Оған дейін мектебіміз шағын болғандықтан бізде спорт залы, музыка, бейнежелі өнері сонды пәндерден сабақ беретін мамандар болмаған. Дене шынықтыру пәнінен сабақ беруге Марат Оспанов есімді ұстаз келді. Ол кісінің спорттық шеберлігі өте мықты болды. Мектептегі біраз оқушы сол кісіге еліктейтін. Соның бірі мен едім, яғни мен де сол секілді дене шынықтыру пәнінің мұғалімі тандадым, – дейді Құрманғазы Жағырауы ағыннан жарылып.

Бала ауылын спорттық ойындарға, атап айтсақ, футбол баскетбол, волейболға жақын болған кейіпкеріміз ұстаздық жолын жалғап, мектеп бітіре салысымен Шымкент қаласындағы оқу орнына құжат тапсырған. Сондай-ақ білім алумен қатар Отан алдындағы борышын өтеді. Оқу бітірген соң ауылға атбасын бұзған кейіпкеріміз кезінде өзінің ұстазы Қызылордада ауысқанын естіген. Қолында дипломы бар жас маманның ауылға келгенін көрген мектеп директоры кейіпкерімізді дереу жұмысқа қабылдады. Содан бері ол ауыл балаларын спортқа баулып, өмірден өз орнын табуына үлесін қосып келеді. Бүгінде кейіпкерімізден білім алған жас мамандар ұстазының жолын жалғап, ауылда өзімен қатар мектепте қызмет етеді. Одан бөлек басқа да өңірлерде шәкірттері елге адал еңбек етуде.



Кезінде өзі де аудан құрамасында өнер көрсеткен кейіпкеріміз ұзақ жыл спорттық ойындардан аудан құрама командаларын дайындаған. Шәкірттері гандбол футбол баскетбол ойындарында аудан абыройын асқақтатты.

– Ауылда дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін кезім, жас маманның Қосымша Мәдениет ауылында спорт мектебі ашылып, 0,5 шаттық бірлікпен футбол үйірмесінен жаттықтырушы болып жұмыс істедім. Ауыл балалары өзімен бірге тұрақты қатысып жүрді, үлкен жарыстарға да барды. Бірде облыс орталығында өткен үлкен жарысқа алып бардым. Шілденің кезі, күннің ыстығына қарамастан аялаңда тартысты ойын өтті. Сол күні шәкірттеріме риза болдым. Себебі басқа аудандық спортшылары ауа райының қолайсыздығына шыдамай, ойынды тоқтатып жатқанда шәкірттеріміз бойында тек жеңіске деген жігер болды. Тыңғылықты дайындықтың

арқасында ойында ерекше көзге түсті, – дейді ол.

Мұнан бөлек білікті маман баскетболдан қыздар арасында аудан құрамасын дайындап, үлкен жеңістікке жеткен. Бүгінде шәкірттері алғашқы әскери дайындық пәнінен де қатарластарынан оза шабулда. Айтудыңа, шәкірттері 9 секундта автоматты шашып, 16 секундта жинайды. Жақында «Мерген аруы» облыстық байқауының аудандық кезеңінде үздік үштіктен көрінген.

Білікті педагог алғашқы әскери дайындық пәнінің өзіне тән қиыншылықтарымен белісті. Ол сабақта оқушыларға автоматты қалай шашып-жинауды үйретпес бұрын қауіпсіздік ережесін толық түсіндіретінін айтты. Десе де кейде көлеңсіз жағдайлар орын алып жататынын жасырмады.

Ол оқушылар үшін алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі ғана емес, олардың бойына ерлік пен елжандылықты дары-

татын тұлға. Оларға әскери білімді үйретіп қана қоймай, қиындыққа төзімді болуға тәрбиелейді. Сабақта оқушылар саптық дайындықты меңгеріп, Отан алдындағы борышты өтеудің маңыздылығын ұғынады.

Кейіпкеріміз өзінен кейінгі жас мамандарға заман талабына сай үнемі ізденіс үстінде жүру керектігін айтады. Ол жоғары оқу орнында білім алып жүрген кезде ұстаздарына «Бұл сабақтың дене шынықтыру пәнінің мұғаліміне не қатысы бар, біз не үшін көрнекілік жасаймыз?» деп ренжігенін айтады. Сөзіне сүйенсек, кейін жас маман болып ауылға жұмысқа қабылданғанда қазіргідей технология дамымағандықтан, барлық көрнекілікті ол өз қолымен дайындаған. Сол кезде жас ЖОО-дағы ұстаздарының кезінде нәліктен студенттерін коллегірге баулығанын ұққан.

Ол «білікті маман болып қалыптау үшін жоғары оқу орнында білім алу жеткіліксіз, себебі нағыз маман мектеп қабырғасында шәкіртпен бірге жұмыс жасап, оны қандайда бір жетістікке жетелегенде ғана шыңдалады» деп біледі. Иә, байыбына барсақ, сөзінің жаны бар.

Білікті педагог – тек өзін ғана емес, шәкірттерін шыңдауда бар білімін сарп етіп, саналы ғұмырын салаға арнаған жан. Шәкірт жүргенін орын алған ұлағатты ұстаз ғана емес, отбасында 2 қыз, 4 ұл тәрбиелеп отырған өке. Бүгінде ұлдары да ежелерінің жолын жалғап, ұстаздық қызметке еңбек етуде. Бірі – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болса, екіншісі – Астанадағы алтын ұяда математика пәнінен сабақ береді. Ал үшінші ұлы АІ мамандығы бойынша білім алуда, және кенже ұлы – мектеп қабырғасында 8 сынып оқушысы. Ал үлкен қызы – білікті дәрігер, кенже қызы биыл мектеп бітіреді. Оның тандауы физика-математика пәніне түскен.

Жастайынан білімге құштар болған кейіпкеріміз ұстазының жолын жалғап, үмітін ақтай білді. Уақыт өте келе өзі де жас буынның жүргенін жол таба білген білікті ұстазға айналды. Ұстазынан алған білім мен тәрбиенің жібін үзбей, жас ұрпаққа жеткізген оның еңбек жолы – кейінгі буынға үлгі-өнеге.

Сезім НҰП

БІРЛІК – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Көктеммен бірге келетін шуақты мерекенің бірі 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні ел ішіндегі ынтымақ пен өзара құрметтің айқын көрінісіне айналған. Бұл күн – сәтүрлі ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстырған қасиетті мекеннің бөрекесі мен бірлігін айшықтайтын маңызды белес. Жалағаш ауданында кең көлемде аталып өткен мерекелік шаралар да ел ішіндегі татулық пен достықтың жарқын үлгісін паш етті.



Сонымен қатар этнос өкілдерінің ұлттық киімдер көрмесі де көптің назарын өзіне аударды. Түрлі этнос өкілдері турмыс-тіршілігінен сыр шертетін, тарихтың тереңнен тамыр тартқан ұлттық киімдер ұлттың болмысын айшықтайтын асыл қазына екені анық. Әрбір өрнек, әрбір нақыш – ұлттың рухани коды, ата-бабадан қалған аманат.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов ардагерлермен бірге көрмені аралап, оқушылардың шығармашылық туындыларымен танысты. Бұл – үлкен мен кішінің, өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпір іспетті әсер қалдырды. Ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарға деген құрмет осындай сәтте айқын байқалады.

Мерекелік шара театрландырылған қойылыммен жалғасып, көрермен қауым-

ды ерекше әсерге бөледі. Сахна төрінде бейнеленген тарихи көріністер мен тағылымды сөздер халықтың бірлікке жету жолындағы күресін, татулықтың қадірін терең ұғындырды. Театр өнері арқылы берілген бұл мазмұнды көріністер көрермен жүрегінен жол тауып, ой салды.

Кештің шарықтау шегі концерттік бағдарлама болды. Сахнада жергілікті өнерпаздармен қатар түрлі этнос өкілдері өз өнерлерін паш етті. Ән мен күй, би мен жыр, бәрі де бір арнаға тоғысып, «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген ұлағатты ұғымды тағы бір мәрте дәлелдегендей болды.

Мерекелік кеште аудан әкімі Ардақ Ибраимов жиналған жұртты айтулы мерекені құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Оның сөзінен елге деген жанашырлық, халыққа деген құрмет, болашаққа деген сенім айқын сөзілді. Бірлік пен татулықтың маңызын ерекше атап өткен аудан әкімінің құттықтауы көпшіліктің көңілінен шықты.

Шарада әр этнос өкілдері өздерінің ұлттық дүниелерін таныстырып, салт-дәстүрлерін сыр шертті. Түрлі аспаптарда орындалған әуендер, ұлттық билер мен әндер мәдениеттердің тоғысуы мен үндесуінің жарқын көрінісіне айналды.

Солардың ішінде көпшіліктің қызығушылығын оятқан ерекше дүниенің бірі шешен халқының «махаббат қушын» атты көне дәстүрі болды. Бұл жайында этнос өкілі Айжан Шарипова әсерлі өңгіме ербітті.

Оның айтуынша, бұл қушын – тек турмыстық бұйым ғана емес, терең мағынаға ие, ата-бабадан мерса болып қалған құнды жәдігер. Ерте заманда қыз бала жігітпен жолығар алдында осы қушынды алып, су алуға барған. Ұлттық тәрбиеге сай қыз баланың жалғыз жүрмеуі – басты қағида. Сондықтан олар көбіне құрбысымен немесе жеңгесімен бірге шыққан.

Судың жанына барып, қушынмен бейнеленген тарихи көріністер мен тағылымды сөздер халықтың бірлікке жету жолындағы күресін, татулықтың қадірін терең ұғындырды. Театр өнері арқылы берілген бұл мазмұнды көріністер көрермен жүрегінен жол тауып, ой салды.

Осындай тағылымды дүниелер арқылы бүгінгі ұрпақ өткеннің өнегесін бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтардың қадірін терең түсінеді. Әрбір этностың өзіне тән мәдениеті мен дәстүрі – ортақ байлығымыз ортақ қазынамыз.

Жалағаш өңірінде өткен бұл мереке тек бір күндік думан емес, ел бірлігінің нақты көрінісі, татулықтың тағылымды үлгісі болды. Тамыры тереңге кеткен тарихи бар, қойнауы шөжіреге толы бұл өлкенің халқы қай кезде де бірлікті ту, ынтымақты тірек етіп келеді.

Бүгінгі бейбіт өмір, тұрақтылық пен келісім – өткен ұрпақтың аманаты, ал оны сақтау – бүгінгі буынның қасиетті борышы. Бірлік елдің тірегі, татулық тіршіліктің тұғыры екенін ұғындырған бұл мереке көптің жүрегіне жылы әсер қалдырды.

Қорытындылай келгенде, 1 мамыр – тек күнтізбедегі дата емес, халықтың жүрегіндегі сенім, санасындағы сыйластық, болашаққа деген үміттің бастауы. Бірлік бекем елдің қана енесі биік, тірлігі берекелі болмақ. Татулығы жарасқан еліміздің тұғыры биіктей берсін, бірлігі нығая түссін. Бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатқан барша халықтың ынтымағы мен достығы мәңгілік болғай!

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

2026 жылы 2-тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Ибраимов Ардақ Әбдіғашұлы	Аудан әкімі	Жұма күні	Апта сайын
2	Байнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні	Апта сайын
3	Сұлейменов Ғани Кенжеғараұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні	Апта сайын
4	Дүйсекев Жасұлан Талғатұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні	Апта сайын

2026 жылғы 3 мамырда өткізілген Жалағаш ауданының Жалағаш кенті және Мақпалкөл ауылдық округі әкімдерін сайлау қорытындысы туралы ХАБАР

2026 жылғы 3 мамырда Жалағаш ауданы бойынша Жалағаш кенті және Мақпалкөл ауылдық округі әкімдерін сайлау өтті. Жалағаш ауданының Жалағаш кентінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы уәкелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Жалағаш кентінің сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Жалағаш кенті әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Жалағаш кенті бойынша сайлаушылар тізіміне 9683 азамат енгізілген, оның ішінде сайлау бюллетендерін 6846 адам немесе 70,70 пайызы алды. Дауыс беруге 6846 адам қатысты, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жоқ, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 14 сайлаушы дауыс берді. 17 бюллетень жарамсыз деп танылды.

Жалағаш ауданының Жалағаш кенті әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды: Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы үшін дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санынан – 5594 дауыс, Идрисов Дархан Балғабайұлы үшін – 699 дауыс, Қалижан Бауыржан Тобаевич үшін – 525 дауыс берді, барлығына қарсы – 11 дауыс берілді.

Жалағаш ауданының Жалағаш кентінің сайланған әкімі болып есептелді. Жалағаш кентінің сайланған әкімі, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясынан ұсынылған «AMANAT» партиясының мүшесі.

Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы уәкелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылдық округінде сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылдық округінің әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Мақпалкөл ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 967 азамат енгізілген, оның ішінде сайлау бюллетендерін 693 адам немесе 71,66 пайызы алды. Дауыс беруге 693 адам қатысты, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жоқ, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 7 сайлаушы дауыс берді. 2 бюллетень жарамсыз деп танылды.

Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды: Адамбаев Әбдімәлік Төребеқұлы үшін дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санынан – 69 дауыс, Жұматаева Ақалтын Бақырадинқызы үшін – 102 дауыс, Тоғызбаев Мардан Марсбеқұлы үшін – 518 дауыс берді, барлығына қарсы – 2 дауыс берілді.

Тоғызбаев Мардан Марсбеқұлы – Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылдық округінің сайланған әкімі болып есептелді. Тоғызбаев Мардан Марсбеқұлы – 1991 жылы туған қазақ, Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі, Т.Жүргенов ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынылған «AMANAT» партиясының мүшесі.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес, 2026 жылғы 4 мамырдағы № 24, №25 шешімдерімен 2026 жылғы 3 мамырда сайланған Жалағаш кенті әкіміне Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы, Мақпалкөл ауылдық округі әкіміне Тоғызбаев Мардан Марсбеқұлын тіркеді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы



Сайлаушылар саяси науқанда белсенді

Жексенбі, таңмен таласа оянған әріптесім екеуіміз Мақпалкөл ауылдық округіне бет алдық. Себебі бүгін мұндағы жергілікті халық ауыл әкімін сайламақ. Жол бойы әріптесім екеуіміз бүгінге дейін ауылда атқарылған жұмыстарды сараладық. Бірліктен тірлігін түзеген ауылда жарқын жобалар жүзеге асқан. Десе де бұл «ауылда енді мәселе жоқ» дегенді білдірмейді. Сондықтан бүгін халық сайлаған ауыл әкімі мұндағы қордаланған мәселелердің шешімін тауып, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартып, ауылдың еңсесін тіктейді деген сенімдеміз.

Әне-міне дегенше ауылдағы мәдениет үйінің алдына табан тіредік. Ауыл тұрғындары сайлауға түсіп жатқан 3 үміткердің біреуін ауыл әкімі етіп сайламақ. Барлығы – жас та болса, мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар білікті маман. Бүгінге дейін ауыл тұрғындары аудандық газет арқылы үміткерлердің өмірбаяны мен 4 жылдық сайлауалды бағдарламасымен толықтай танысып шыққан. Олардың әрқайсысы ел игілігі үшін еңбек етіп, ауылда жарқын жобаларды жүзеге асыруға ниет еткен.

Сағат тілі 07:00-ді көрсеткенде ауылдық клубтағы №142 сайлау учаскесінде мемлекеттік өңүранымыз шырықалып, уәкелік сайлау комиссиялары мүшелерінің, БАҚ өкілдерінің, байқаушылардың және сенім білдірген адамдардың қатысуымен Сайлау туралы заңның талаптарына сай сайлау учаскесі ресми түрде ашылды. Таң сәрімен ерте келіп өз таңдауымды жасаймын деген тұрғындардың қатары қалың.

Таң аттысымен малын жайғап, қора-жайдың тіршілігін түзген ауыл тұрғыны Әлібек Нұрылдаев сайлау учаскесі ашыла салысымен алғашқы болып өз таңдауын жасады.

Ауылдың болашағы бөрінен маңызды. Сондықтан бүгінгі саяси науқаннан шет қалмай өз таңдауымды жасауға келдім. Барлық тұрғынды ауылдың болашағына бейжай қарамай, сайлаудың жоғары деңгейде өтуіне атсалысуға шақырамын. Себебі ауыл әкімін сайлау арқылы біз елді мекеннің дамуына өз үлесімізді қосамыз, – дейді ол.

Ауыл ақсақалы Ғани Замединов те таңмен таласа оянып, саяси науқанға алғашқылардың бірі болып келді. Бүгінгі сайлаудың жоғары деңгейде өтуіне сенім

білдірген ауыл тұрғыны ақ батасын беріп, мұндай маңызды шараларда жастарға үлгі болуды өзіне парыз еткен. Ол ауыл тізгінін қай азамат ұстаса да елді мекеннің еңсесін тіктейтін, елдің қамы үшін өрінбей еңбек ететін азамат болуы керек екенін тілге тиек етті.

Айта кетейік, ауыл бойынша жалпы дауыс берушілер саны – 967. Оның ішінде қарттар саны 62 болса, үйден дауыс берушілер саны – 7. Сондай-ақ алғаш рет дауыс бергелі тұрған, яғни 18 жасқа толған жасөспірімдер саны – 9.

Ауылдағы алтын ұяда саяси науқаннан тыс қалмай, ұстаздар ұжымы өз таңдауын жасады. Бір мезетте келіп, бірліктің үлгісін көрсеткен ұжым мүшелері ауыл болашағы үшін мұндай науқаннан шет қалғысы келмейтіндерін жасырмады. Талай шәкірттің талабын ұштап, талантты шыңдаған ұстаздар мұндай маңызды шарада бой көрсетіп, белсенді болу арқылы ауыл жастарына үлгі болды.

Ауылдағы мәдениет үйінде орналасқан сайлау учаскесінде жұмыс жүйелі жүргізілуде. Бірі дауыс беру үшін бюллетень толтырса, енді бірі арнайы орынға келіп, өз таңдауын жасап, ортадағы жөшікке келіп бюллетендерін салуда. Сағат тілі 09-дан енді ғана асты. Сайлау учаскесі төрағасының сөзіне сүйенсек, осы уақытқа дейін 100-ден аса тұрғын өз таңдауын жасап үлгерген.

Тұсау сайлау учаскесіне келушілердің қатары артты. Себебі мұндағы әрбір тұрғын ауылдың жарқын болашағы үшін саяси науқанның маңызы зор деп біледі. Сайлау учаскесіне келіп, дауыс берушілердің қатарында «Ер-Әлі» шаруашылығының ұжымы да бар. Ша-



раушылық қызметкерлері де ел дамуы үшін маңызды саяси науқанға бейжай қарамай, өз таңдауын жасады. Бұл – еңбек адамдарының ел тағдырына деген жауапкершілігінің айқын көрінісі. Шаруашылық ұжымының ауызбіршілікпен түгел сайлауға қатысуынан-ақ, мұндағы жергілікті халықтың ауыл болашағына жауапкершілікпен қарайтынын аңғардық.

Айта кетейік, сайлау науқанынан ауыл алғаш рет сайлауға дауыс беруші ретінде қатысып тұрғанын айтады.

– Осы ауылдың азаматы ретінде сайлау науқанына қатысуға келдім. Бүгін – ауылымыздың келешегі үшін маңызды күн. Ауылымыздың бірлігі мығым, болашағы жарқын болсын, – деді ол.

Сезім НҰР

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан да пайда болатын апат. Орман өрті көбіне құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды.



Статистикаға сәйкес 90 пайыздан астамы жыл сайынғы орман өртінің шығуына адамдар сөбекек болады. Негізгі себептері сөндірілмеген от, сөнбеген темекі тұқылы, ашық от пайдалану, шыны қалдықтары және тағы да басқалар.

Егер орманда немесе оған жақын жерде жанып жатқан отты көрген кездегі алғашқы міндет – өрттің өрі қарай өршуіне жол бермеу. Ол үшін отты сөндіріп, жанған жерді мұқият қарап, от шоқтарының жоқ екендігіне көз жеткізу қажет. Өртті өз бетінше сөндіру мүмкін болмаған жағдайларда өрт туралы ақпаратты «101», 21-2-82 телефон нөмірі бойынша өрте қарсы қызметке, орман қорғау органдарына немесе полицияға хабарлау қажет.

Өрт қауіпсіздік ережелерін бұзғандарға ҚР ӘҚБТҚ-нің 367 бабына сәйкес, жеке тұлғаларға 43250 теңге, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 129750 теңге, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 216250 теңге, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 432500 теңге айыппұл салуға әкел соғады.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзі өмір сүріп отырған табиғатты қорғауға және ұқыпты ұстауға міндетті. Ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелері ормандарды өрттен сақтауға келіпді беруді.

С.ТАБЫНБАЙ,
«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ» КММ-ның инженері

Бәрекедді!

Аудан жастары абырой биігінде

Өскемен қаласында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қанипа Бітібаева атындағы республикалық олимпиада өтті. Білім сайысының республикалық кезеңіне еліміздің әр өңірінен 9-11 сынып оқушылары арасынан 220 дарынды оқушы қатысқан. Аталған білім бәйгесінде Жалағаш ауданы атынан 3 оқушы бақ сынап, 2-еуі жеңіспен, 1-еуі арнайы сертификатпен оралды.

Олимпиаданың басты мақсаты – оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімін тереңдету және жетілдіру, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қасиетін дамыту.

Олимпиада екі айналымнан тұрады. Бірінші айналымда қатысушылар эссе жазса, екінші айналымда сұрақтарға ауызша жауап беру арқылы өз білімін сарапта салған. Білім додасында оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейі, қазақ әдебиетіндегі шығармаларды игеруі және Қанипа Бітібаеваның ғылыми-педагогикалық еңбектерін меңгеруі сыңға түскен.

Сайыс төрт кезеңнен тұрады. Оқушылар ең алдымен мектепшілік кезеңде бақ сынап, аудандық кезеңге жолдама алды. Ал аудандық кезеңге кент және ауылдық округтердегі 20 мектептен 43 оқушы қатысып, оның 3-еуі облыстық кезеңге өтті. Республикалық кезеңге облыс атынан 6 оқушы қатысып, 2-еуі жүлдеммен оралған. Жеңіс тұғырынан көрінген екі жас – Жалағаш ауданының озат оқушысы. Ал арнайы сертификат иеленген 4 оқушы – өзге аудандар мен қала мектептерінің білім алушысы. Олардың арасында жалағаштық Айгерім Ақылда да бар.

Білім бәйгесінің барлық кезеңінен сүрінбей өтіп, жүлделі I орын иеленген Ұлболсын Бекзұлда – Алдаберген Бисенов атындағы №38 орта мектептің 9 сынып оқушысы. Ол байқауға жетекшісі Жанар Шілдебаевамен бірге тыңғылықты дайындалғанын айтады.

– Байқаудың республикалық кезеңі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қатысушылар үш тақырып бойынша эссе жазуы тиіс. Екі тақырып мектеп бағдарламасы бойынша, бір тақырып Қанипа



Бітібаева жайында. Мен «Әдебиет – өнер, ұстаз – шебер. Қанипа Бітібаеваның ұстаздық бейнесі» тақырыбы аясында эссе жаздым. Шыны керек, жарыста жеңіске жету оңайға соқпады. Маған екінші кезеңнің 2-ші тапсырмасы сәл күрделірек болды, яғни біз бұл кезеңде сөйлемге талдау жасадық. Осы тапсырмада ғана сәл қиналдым, – дейді Ұлболсын Бекзұлда.

Озат оқушы сұхбат барысында білім бәйгесіне дайындалған жетекшісі Жанар Шілдебаеваға үлкен алғысын білдірді. Ол «кеңбек – менікі емес, ұстазымдікі. Себебі мені жеңіс тұғырына жетелеп, жарысқа нақты жоспар бойынша аз уақыт ішінде дайындап қатыстырды» дейді.

Иә, кез келген шәкірттің жеңісінің артында ұлағатты ұстаздың ерен еңбегі барын естен шығармаған жөн. Бұл ретте шәкірт ұстазының еңбегін жоғары бағалайды.

Дәл осы бәйгеге қатысып, жүлделі III орын иеленген Алфия Балхан – Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектептің бітіруші түлегі. Жетекшісі Жанар Топаева секілді білікті ұстаз болуды мақсат еткен оқушының таңдауы қазақ әдебиеті пәнін түскен. Бүгінгі білім сынақтарынан жоғары нәтиже көрсетіп жүрген озат оқушы соңғы тестілеуде 135 балл жинаған.

Сайыстың мектепшілік, аудандық кезеңнен сүрінбей өткен ол облыстық кезең наурыз айында ҰБТ-мен қатар өткендіктен, дайындығы сәл аздау болғанын айтады. Десе де, қарсыластарынан оза шапқан кейіпкеріміз облыстық кезеңде де топ жарған.

– Бұл олимпиадада биыл бірінші рет қатысып тұрмын. ҰБТ-мен қатар олимпиадаға дайындалу оңайға соқпады. Олимпиаданың барлық кезеңі екі бөлімнен тұрады. Десе де, республикалық кезең сәл қиындау болды. Себебі әрі мектеп бағдарламасынан тыс тапсырмалар да берілді. Сайыстың аудандық кезеңінде «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыбы аясында, ал облыстық кезеңде «Қанипа апамыздың білім беру жолы» тақырыбында эссе жаздым. Қанипа Бітібаева Абай, Мұхтарды зерттеп оқулықтар жазған. Сондықтан республикалық кезеңде «Өзіңді өзгенің көзімен таны» Абай танымы жайында жазу тапсырмасы берілді. Маған бұл тақырыпта эссе жазу қиынға соқпады десем де болады. Себебі бытыр Абайтан олимпиадасының республикалық кезеңінен I орын алған болатынымыз, – дейді мектеп мақтаншысы.

Алфия екінші кезеңде қатысушылар 4 тапсырма бойынша сыңға түскенін айтады. Тарқатып айтсақ, бірінші тап-

сырмада олардан қазақ тілі пәнінен ереже сұралған. Ал екінші тапсырмада кез келген шығарманың үзінді келген, яғни шығарманың кімнің қандай шығармасы екенін және ішіндегі кейіпкерлерді табу керек.

Кейіпкеріміз дәл осы кезең сәл қиындау болғанын айтады. Себебі оған мектеп бағдарламасынан тыс күрделі шығарма келген. Ал үшінші тапсырмада олар сөйлемге фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жүргізген. Ал соңғы тапсырмада әдебиет пәнінен берілген сұрақтарға, ережелерге жауап берген. Қатысушыларға аталған төрт тапсырмаға жауап беруге 150 минут уақыт берілген.

Сайыс қорытындысы бойынша 83 оқушы жеңімпаз атанып, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің дипломдарына ие болған. Оның ішінде 16 қатысушы I, 23 оқушы II, 44-і III орын иеленген. Сондай-ақ 15 оқушы арнайы грамотамен марапатталған. Мұнан бөлек дарынды оқушыларды қолдау мақсатында екі оқушыға жоғары оқу орындарының білім гранты табысталды. Айта кетейік, Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадасы 2014 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

С.НҰР

Маман мерейі

Айтқұл Қалмуратова – өмірін білім мен тәрбиенің шамшырағына айналдырған, ұрпақ санасына сәуле құйып келе жатқан ардақты ұстаз. Кең даланың самалындай таза тәрбиені бойына сіңіріп өскен Айтқұл апай бала күнінен-ақ зеректігімен, алғырлығымен дараланып, айналсаңа білімімен шуақ шашып жүр.

Ұстаз ұлағаты – ұрпаққа аманат



Алты перзенттің кенжесі болып дүниеге келу бір жағынан еркелікке, екінші жағынан жауапкершілікке баулитыны белгілі. Айтқұл апай да сол шаңырақтағы тәлім-тәрбиені жүрегіне түйіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді өмірлік қағидасына айналдырған. Балалық шақтың бал дәуірінде ол санға жүйрік, ойға ұшқыр болып, математика пәніне ерекше қызығушылық танытып, тіпті болашақта есепші болуды армандап, өз қиялында сол мамандықтың биігін бағындырып та үлгерген.

Алайда өмір жолы әр адамның тағдыр таразысымен өлшенеді. Ата-анасының ақыл-кеңесі мен бағыт-бағдары оның тағдырын ұстаздық жолмен тоғыстырды. Осылайша бала қиялдағы арман өзгеше арнаға бұрылып, үлкен мақсатқа, яғни бала тәрбиелеу ісіне ұласты. Бұл таңдау кездейсоқ емес еді, себебі нағыз ұстаз болу – жүректің қалауы, жанның тазалығы мен сабырдың шыңы.

Айтқұл Ноғайқызы 1982 жылы М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжге оқуға түсіп, 1985 жылы оқу орнын абыроймен тәмамдап шықты. Сондай-ақ 2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызлорда мемлекеттік университетін бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Бұл кезең – оның ұстаздыққа алғашқы қадам басқан, білім нәрімен сусынды, өмірлік бағытын айқындаған сәт еді.

Сол жылы еңбек жолын туған ауылындағы Әбдірашит Бердәулетов атындағы №34 орта мектептен бастаған жас маман алғашқы күннен-ақ шәкірт жүрегіне жол тақ білді. Ұстаздық жолдың оңай еместігін ерте түсінген ол әр сабағына жауапкершілікпен қарап, білім беруді ғана емес, тәрбиені қатар ұштастыруды мақсат етті. Оның әрбір сабағы – шәкірт санасына сәуле түсіретін, жүрегіне жылу ұялатын тағылымды сәттерге толы болды.

Кейіпкеріміз 1987-1991 жылдары №202 мектепте, ал 1991-1996 жылдары №123 мектепте ұстаздық етіп, кәсіби тәжірибесін байыта түсті. Бұл жылдар – ізденіс пен қалыптасудың, шыңдалу мен жетілудің кезеңі болды. Әрбір ауысқан мектеп – жаңа орта, жаңа талап, жаңа мүмкіндік. Осындай ортада шыңдалған ұстаз уақыт өте келе өз ісінің шеберіне айналған.

1996 жылдан бастап әл-Фараби атындағы №201 мектепте бастауыш сынып мұғалімі ретінде еңбек етіп келе жатқан Айтқұл Ноғайқызы – бүгінде сол ұжымның беделді де білікті ұстазының бірі. Білім беру саласында 41 жылға жуық табан аудармай еңбек етіп, мыңдаған баланың жүрегіне білім нәрін сепкен тәжірибелі ұстаздың өмір жолы – кейінгі буынға үлгі-өнеге.

Ұзақ жыл бойы қажырлы еңбек пен үздіксіз ізденістің нәтижесінде ол – бүгінде педагог-зерттеуші. Бұл оның кәсіби біліктілігінің жоғары екенін ғана емес, жаңашылдыққа ұмтылатын, білім беру үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдер енгізетін шығармашыл ұстаз екенін дәлелдейді. Ол әр сабағын шәкірттің таным көзжиегін кеңейтетін, ойлау қабілетін дамытатын ізденіс алаңына айналдыра білді.

– Айтқұл Ноғайқызы үшін әрбір шәкірт – қайталанбас тұлға. Ол балалардың тек білімін жетілдіріп қана қоймай, олардың адамгершілік қасиетін қалыптастыруға да ерекше мән береді. Оның шәкірттері ұстазынан тек еріп пен санды ғана емес, өмірге деген көзқарас, адалдық, еңбеккерлік сияқты асыл қасиеттерді үйреніп шығады, – дейді директордың бастауыш істер жөніндегі орынбасары Айгерім Құдайбергелқызы.

Ұстаздық жолындағы тағы бір үлкен бәлес – шәкірт тәрбиесі. Айтқұл апай осы уақытқа дейін оннан астам бастауыш сыныпты түлетіп, екі жүзден астам шәкіртті үлкен өмірге қанаттандырған. Бүгінде сол шәкірттердің әрқайсысы елдің әр саласында еңбек етіп, ұстаз сенімін ақтап жүр.

Сонымен қатар ол – өнегелі ана. Ұш қыз бен бір ұл тәрбиелеп өсірген Айтқұл апай отбасы мен қызметті қатар алып жүр. Ана жүрегіндегі мейірім мен ұстаз жүрегіндегі жауапкершілік бір арнада тоғысып, оның тұлғалық болмысын айшықтай түседі.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген халық даналығын өмірлік ұстанымына айналдырған ол әр шәкіртің жетістігіне қуанып, «ұстаз үшін одан асқан бақыт жоқ» деп біледі. Айтқұл Ноғайқызы – уақытпен үндесіп, заман талабына сай білім беруді басты мақсат еткен ізденісмен биікке көтерілген білікті маман. Оның еңбегі – тек бір мектептің емес, тұтас бір ұрпақтың тағдырына есер еткен құнды еңбек.

– Шәкірт – ұстаз жүрегіне тағдырдың өзі табыстаған аманат. Әр баланың жанарынан мен үміттің ұшқынын, болашақтың нұрын көремін. Сол нұрды өшірмей, қайта маздатып, үлкен өмірге қанаттандыру менің өмірлік мұратым болды. Уақыт өте олар өз жолын тауып, елге қызмет етіп жатса, мен соны үнсіз мақтанышпен сырттай тамашалаймын. Себебі ұстаз үшін ең үлкен бақыт – өзің еткен білім дәнінің бәйтерекке айналғанын көру. Шәкірттерім – менің жалғасқан құмырым, жүрегімде мәңгі сақталатын ең асыл қазынам, – дейді Айтқұл Ноғайқызы.

Биыл ұзақ жылғы еңбектің жемісін көріп, 41 жылдық ұстаздық қызметін абыроймен аяқтап, зейнет жасына қадам басқалы отырған ардақты ұстазға деген құрмет ерекше. Себебі оның ізгі ізі, тәрбиелі шәкірті, өнегелі өмір жолы бар. Мұның бәрі тек оқушыларға ғана емес, салада еңбек ететін жас мамандарға да үлгі-өнеге.

Ляззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Оқушылар бақ сынаған олимпиада

Шымкент, Павлодар және Тараз қалаларында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерінің қорытынды IV кезеңі өтті. Аталған білім додасында облыстың дарынды оқушылары Қазақстан тарихы, құқықтану негіздері, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын, неміс және француз тілдері пәндері бойынша білімін саралады.

Бұл білім додасы еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған дарынды ауыл балаларының білімін шыңдап, олардың зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды алаңға айналды. Олимпиада ережесі сай 4 кезең бойынша өтті. Ең алдымен оқушылар мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңнен өтіп, республикаға жолдама алды.

Естеріңізде болса, шалғай елді мекендегі дарынды және талантты оқушыларды анықтауға арналған олимпиаданың мектепшілік кезеңіне 950 оқушы қатысып, оның 607-сі аудандық кезеңге жолдама алған. Үш күнге созылған аудандық кезеңнен 41 оқушы облыстық кезеңге жолдама алып, өз білімін саралап, 7-еуі республикалық кезеңге өтті. Олардың арасында 1 оқушы жаратылыстану-математика бағыты бойынша физика пәнінен қатысқан. Ал қалған 6 оқушы қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша қазақ тілі мен әдебиеті, қазақстан тарихы, ағылшын тілі, қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті және орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша білімін саралаған.

Шымкент қаласында олимпиаданың орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті және құқық негіздері пәндері өткен. Дарынды балаларды анықтау және олардың ғылыми әлеуетін дамытуға арналған зияткерлік байқауға еліміздің барлық өңірінен іріктелген 272 оқушы бақ сынаған. Атап айтқанда, орыс тілі мен әдебиетінен 87 оқушы, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиетінен 92 қатысушы, құқық негіздерінен 93 оқушы қатысқан. Олимпиада барысында оқушылар тапсырмаларды орындау арқылы өздерінің әдеби талдау, ойлау, шығармашылық



қабілетін дамытқан. Сонымен қатар құқықтық білім негіздерін игеріп, заңдар мен олардың күнделікті өмірде қалай қолдануын үйренген. Білім бәйгесі оқушылардың білімін тереңдетумен қатар, олардың жеке тұлға ретінде дамуына, шығармашылық қабілетін шыңдауға және жаңа тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

Тараз қаласында өткен білім додасында оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті және Қазақстан тарихы пәндері бойынша сыңға түскен. Бұл байқауға еліміздің барлық өңірінен іріктелген 270 оқушы қатысқан. Атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиетінен 91 оқушы, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінен 86 қатысушы, Қазақстан тарихынан 93 оқушы бақ сынаған.

Тапсырмалар оқушылардың әдеби талдау, тарихи деректерді саралау, тілдік мәдениет және ғылыми пайымдау қабілеттерін анықтауға бағытталған. Сонымен қатар олар үшін мәдени бағдарлама, спорттық іс-шаралар мен психологиялық тренингтер ұйымдастырылған.

Тараз қаласында өткен олимпиадаға ауданымыздың атынан Жұлдызай Аймуратқызы қатысып, жүлделі II орын иеленіп қайтты. Ол – мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы. Оны жеңіс тұғырына жетелеген ұстазы – Ұлжан Досқалиева.

Білім бәйгесінде таңдауы қазақ тілі мен әдебиеті пәніне түскен Жұлдызайдың бұл пәнге 5-сыныптан бастап қызығушылығы жоғары болыпты. Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысу мақсат еткен ол күні-түні ізденіп, ең алдымен мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңнен сүрінбей өткен.

– Олимпиада өте жоғары деңгейде өтті. Барлық облыстан келген оқушылармен тез тіл табысып, бір-біріміздің жеңісімізге шынайы қуана білдік. Шыны керек, тапсырмалар өте күрделі болды. Қатысушылардың барлығы өте жоғары дайындықпен келген. Жеңіске жету үшін уақытпен санаспай, жетекшім өкеуім күндіз-түні тыңғылықты дайындық жүргізіп, көп іздендік. Маған сенім білдірген жандардың үмітін ақтау үшін қиындықтар барлығын еңсердім. Ауыл оқушылары үшін үлкен мүмкіндікке толы жоба арқасында жаңа достар тауып, мол тәжірибе жинақтадым, – дейді Жұлдызай Аймуратқызы.

Айта кетейік, мектеп мақтаншысы Жұлдызай дәл осы олимпиадаға қатарынан екінші рет қатысып отыр, яғни ол бытыр да дәл осы олимпиадада бақ сынаған. Ол кезде кейіпкеріміз 9-сынып оқушысы болғандықтан тек аудандық, облыстық кезеңмен шектелген. Себебі республикалық кезең 10 мен 11-сынып оқушыларына арналған. Биыл алғаш рет олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысып тұрған ол 300-ге жуық үміткердің арасынан жүлделі II орын

Сезім НҰР

Аманатпен бірге

Ұлттық құндылықтар ұлықталды



Өткен аптада «Аманат» партиясының ұйымдастыруымен бірқатар шара өтті. Апта барысында ұлттық ойындар мен тағамдар, салт-дәстүрлер ұлықталды. Мұнан бөлек өкениң отбасындағы рөлін дәріптеп, әке мен бала арасындағы байланысты нығайту барысында арнайы апталық өтті.

Шара «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында, «Агрохолдинг» және «Жастар» бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастыруымен ұлттық ойын ләңгі түбден бастау алды.

Ләңгі тебу – қазақ халқының көне ұлттық ойынының бірі. Ол ептілікке, шашандыққа және дәлдікке баулып, жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелейді. Спорттық сайысқа ветеринарларияқ станция, ауыл шаруашылығы көпірорындары, аудандық инспекция және орман шаруашылығы мекемелерінің қызметкерлері белсене қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған спорттық сайыс алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

40-қа жуық өтініш түсті

«Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Руханият» орталығында мобильді қоғамдық қабылдау өтті. Қабылдауға партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, аудан әкімінің орынбасары Гани Сұлөмішев, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, денсаулық сақтау басқармаларының өкілдері, бөлім басшылары, заңгерлер, медиаторлар, «Отбасы банк» АҚ Қызылорда облыстық филиалының мамандары, сондай-ақ партияның «Қарыссыз қоғам» жобасының облыстығы өкілі Балдырған Мәмен қатысты.

Іс-шарада тұрғындардың өзекті мәселелері тыңдалып, жауапты сала мамандары тарапынан тиісті түсіндірмелер берілді. Қабылдауға 40-қа жуық азамат қатысып, түрлі өтініштерін жеткізді. Тұрғындардың басым бөлігі несие берешегін өтеу қиындықты, баспана, жұмыспен қамту, газдандыру, жол сапасы, әлеуметтік және денсаулық сақтау салаларына қатысты мәселелерін көтеріп, жауапты орган өкілдерінен кеңес алды.

Сондай-ақ кәсіп бастауға ниет білдірген азаматтарға «Ауыл аманаты» және басқа да мемлекеттік бағдарламалар жөнінде мағлұмат берілді. Әрбір өтініш жеке қаралып, заң аясында шешу жолдары түсіндірілді.

Мобильді қабылдауға несие берешегін өтей алмай, қолдау сұрап келген азаматтың бірі – кент тұрғыны Рабиға Усенова. Оның айтуынша, бірнеше жыл бұрын 2 миллион теңгеден астам несие алған. Бүгінде қарызын өтей алмай, жағдай қиындаған. Банкігер тарапынан қолдау болмағандықтан, партияға жүгінуге мәжбүр болған.

Мен – жалғызбасты анамын. Несиені өтей алмағандықтан шотым бұтатталып, жұмыс істеу мүмкіндігім шектелді. Аманаттың «Аманат» партиясы ұйымдастырған мобильді қабылдауға келдім. Қабылдауда маған «Қарыссыз қоғам» жобасының өкілі жеке кеңес беріп, банктің қарызын қалай төлеу керектігін түсіндіріп, қолдау көрсетті. 14 жұмыс күнінен кейін нәтижесі белгілі болады, – дейді ол.

Партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай қабылдау барысында көтерілген әрбір мәселе назарға алынып, тиісті жұмыстар атқарылатынын жеткізді. Сондай-ақ барлық өтініш шешімін тапқанға дейін «Аманат» партиясының бақылауында болатынын атап өтті.

Мұндай мобильді қабылдаулар халық пен билік арасындағы кері байланысты нығайтып, өзекті мәселелерді

жедел шешуге мүмкіндік береді. 2025 жылы шалғай елді мекендерде 131 мобильді қабылдау ұйымдастырылып, азаматтардан 1182 өтініш түсті. Оның 665-і оң шешімін тапса, 551 азаматқа нақты кеңес берілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, – деді Жандос Базартай.

Әке өнегесі – ұрпаққа ұлағат

«Аманат» партиясы аудандық филиалының «Дарын» бастауыш партия ұйымының жоспары аясында, «Бақытты отбасы» және «Ұлттық мұра» жобасы шеңберінде «Әке мен мектеп: тәрбиенің алтын көпірі» тақырыбында әкелер апталығы өтті. Шараның басты мақсаты – әке мен бала арасындағы байланысты нығайту, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу және жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру. Сондай-ақ өкениң отбасындағы және бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты күшейту. Апталық аясында түрлі кездесулер, тәрбиелік сағаттар мен мазмұнды іс-шаралар өтті.

Әл-Фараби атындағы 201 мектеп-лицейінде ұйымдастырылған апталықтың ашылуына «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева, білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов қатысып, іс-шараның маңыздылығына тоқталды. Олар өз сөзінде отбасы тәрбиесіндегі өкениң орны мен ұрпақ тәрбиесінде ағаның рөлі зор екенін жеткізді. Сондай-ақ тағалымды кездесуге қатысқан аталарға алғысын білдіріп, еске келең ұрпаққа өнеге боларлық осындай іс-шаралардың маңызын тілге тиек етті.

Иә, мұндай бастамалар жас ұрпақтың бойына ұлттық және отбасылық құндылықтарды сіңіруге үлкен үлес қосуда.

Апталықтың алғашқы күні «Ардагерлерді ардақтаймыз» партиялық жобасы аясында «Ата өнегесі – ұрпаққа мұра» тақырыбында аталармен тағалымды кездесу ұйымдастырылды. Аталған ша-

ра төрт кезеңнен тұрды. Қатысушылар ең алдымен «Жеті атасын білген ұл» кезеңі аясында өз тегін танып, ата-тек туралы білімін ортаға салды. Мұнан кейін «Ата мен нөмере арасындағы жағдаяттарды шешу жолдары» тақырыбы аясында қатысушыларға түрлі өмірлік жағдайлар ұсынылып, өзара пікір алмасу арқылы тәрбиелік мәні бар шешімдер қарастырылды. Кездесудің үшінші кезеңі «Ата өсиеті» деп аталды. Бұл кезеңде қатысушы ардагер аталар жас ұрпаққа ақыл-кеңесін айтып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Шараның соңғы «Ұрпақтар сабақтастығымен дарыған өнер» кезеңінде ата мен нөмере арасындағы өнер сабақтастығы көрсетіліп, ұлттық құндылықтар дәріптелді.

Апталық аясында мұнан бөлек «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында 8-сынып оқушыларының әкелерімен бірлескен «Отбасылық үрдістер» байқауы өтті. Шараның басты мақсаты – өкениң отбасындағы рөлін дәріптеу, бала мен әке арасындағы байланысты нығайту және өнегелі әкелерді көпшілікке үлгі ету. Аталған шараға 10 әке мен бала қатысты.

Байқауға қатысушылар 5 кезең бойынша сынаға түсті. Ең алғашқы кезең таныстыру деп аталды. Бұл кезеңде әкелер өз отбасын таныстырып, ерекше қырларымен көзге түсті. Мұнан кейін «Мақал – сөздің мәйегі» кезеңінде әке мен бала мақал-мәтелдердің мағынасын бірге ашып, тапқырлықтарын көрсетті. Ал «Ата салтым – асыл қазынам» бөлімінде қатысушыларға ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрге қатысты сұрақтар қойылды. Мұнан бөлек әке мен балалардың «Әуенді тап» кезеңі аясында музыкалық талғамы сынаға түсті. Сайыстың соңғы бөлімі, яғни «Логикалық сұрақтар» кезеңінде әкелердің зеректігі мен жылдам ойлау қабілеті сыналды.

Шара барысында әке мен бала арасындағы сыйластық, түсіністік пен ынтымақтың айқын көрінісі байқалды. Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар отбасылық құндылықтарды нығайтып, қо-

ғамдағы әке мәртебесін арттыра беретіні сөзсіз.

Мұнан бөлек әкелер апталығы аясында «Кітап – әке мен бала арасындағы алтын көпір» тақырыбында пікір алмасу кеші өтті. Шара «Аманат» партиясы аудандық филиалының «Дарын» бастауыш партия ұйымының жоспары аясында, «Кітап Аманат» жобасы шеңберінде ұйымдастырылған. Оған «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева, ардагерлер, әкелер, ұстаздар және оқушылар қатысты.

Кештің мақсаты – отбасындағы кітап оқудың маңызын насихаттау, әке мен бала арасындағы рухани байланысты нығайту және оқырмандық мәдениетті қалыптастыру. Іс-шара барысында қатысушылар бірнеше кезең бойынша өзара пікір алмасып, әкелер мен балалар бірге кітап оқу дәстүрі, оның тәрбиелік мәні туралы ой бөлісті. Сондай-ақ оқушылар кітап оқу мәдениетін насихаттайтын жобаларын таныстырып, танымық ойындар ұйымдастырылды. Шара соңында қатысушылар «Кітап Аманат» жобасы аясында бір-бірімен кітап алмасып, мектеп кітапханасына кітаптар табыстатты.

Апталықтың соңғы күні «Әке және ұлттық құндылықтар үндестігі» атты шарамен қорытындыланды. Шараға «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева, аудандық әкелер кеңесі төрағасы Марат Алдабергеновты және «Дарын» бастауыш партия ұйымының төрағасы Талғат Садықов пен ардагерлер, әкелер, ұстаздар және оқушылар қатысты.

Іс-шара барысында мектеп оқушылары мен олардың әкелері бірлесіп, ұлттық мұраларды таныстырды. Атап айтқанда, ат ебездері, қамшы өреу, ләңгі жасау, ағаш өңдеу және бата беру дәстүрлері кеңінен насихатталды. Қатысушылар ата кәсіптің маңызын көрсетіп, өз өнерлері мен шеберліктерін ортаға салды.

Сонымен қатар «Әкем және мен – мықты құрам» атты ұлттық ойындар ұйымдастырылып, әкелер мен балалар ләңгі тебу, арқан тартыс, пір тасын көтеру, асық ату және тоғызқұмалақ секілді ұлттық ойындар бойынша бақ сынады. Бұл сайыс қатысушылардың ептілігі мен күшін ғана емес, әке мен бала арасындағы бірлік пен өзара түсіністікті айқын көрсетті.

Апталық қорытындысы бойынша шараға белсенді қатысқан әкелерге дипломдар мен арнайы номинациялар табысталды. Атап айтсақ, «Өмірлік бағыт беруші әке» Махсұт Ақышев, «Салауатты өмір салтын насихаттаушы әке» Мұратбек Тақараев, «Өнерлі әке» Әділхан Құлтасов, «Отбасы құндылықтарының жанышыры» Қалдан Ахметбаев, «Рухани бай әке» Сәрсенбай Төлемісов, «Өнегелі әке» Жұматай Қорғанбаев, «Парасатты әке» Самат Жаңабаев, «Қамқор әке» Бақытбек Рысманбетов, «Отбасының тірегі» Байтанас Төлегенов, «Үлгілі әке» Уалихан Аяғанов, «Тәрбиенің темірқазығы» Ернұр Мырзалиев, «Білімге жанышыр әке» Нұрбол Нұрбаев, «Байтерек әке» Фәлишжан Қылыпов, «Қарашырақ иесі» номинациясымен Жомарт Әбжаппаров марапатталды.

Апталыққа қатысушыларға аудандық партия филиалы атынан сый-сияпаттар берілді. Бір апта бойы өткен тағалымды кездесулер ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, әке тәрбиесінің маңызын арттырудың және ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың жарқын үлгісі болды. Дәстүр дәріптеліп, әке мен бала байланысы нығайған апталық алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Себебі бұл шара жас ұрпақтың бойына қоғамдағы әке рөлінің маңыздылығын ұғындырып, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге, отбасындағы тәрбиені нығайтуға сеп болмақ.

Сезім НҰР

Тағалым

Дәм мен дәстүр тоғысқан дода



Аққыр ауылында «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында «Берекелі дастархан» тақырыбында ұлттық тағамдар көрмесі ұйымдастырылды. Аталған шараны «Аманат» партиясы аудандық филиалына қарасты «Аққыр ауылдық округі» бастауыш партия ұйымы мен аудандық «Аналар кеңесі» бірлесіп ұйымдастырған. Шараның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының дәстүрлі ас мәзірін насихаттау мен ұмыт бола бастаған тағам түрлерін жаңғырту.

Шараға «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева, аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы депутаттық фракция жетекшісінің орынбасары Қуат Ахетов, аудандық аналар кеңесі төрайымы Айқын Жақсылықова мен «Аққыр ауылдық округі» бастауыш партия ұйымының төрағасы Инабат Өтешова және ауылдағы ардагер аналар мен жергілікті тұрғындар қатысты.

Көрмеге қатысушылар қазақтың ұлттық тағамдарын кеңінен ұсынып, олардың дайындалу тәсілдері мен ерекшеліктерін атап өтті. Олар ата-бабадан жеткен тағам дайындау тәсілдерін жаңғыртып қана қоймай, күнделікті тұрмыстан алыстап бара жатқан құнарлы да домдас әкелерінің көпшілігіне ұсынды. Әсіресе өткен әзірленетін көне тағамдардың жасалу жолы көрсетіліп, олардың маңызы кеңінен насихатталды.

Шарада ошақ басына жиналған аналар қауымы қарындас, балқуырдақ, ірімшік тәттісі, қазанжаппай мен қыздырма тағамдарын әзірледі.

Ең алдымен Гүлстан Пазылова қазанжаппай тағамын дұрыс пісірудің әдіс-тәсілін көрсетті. Ол шоққа қазанды қыздырып алғаннан кейін майдың орнына тұзды суды сеуіп, қамырды кезек-кезек орналастырып шықты. Нан қызарғанша қазанды айналдырып отырып, дайын болатынын айтады. Бұл нанның жұмсақ болуына өсер етеді екен.

Ол қазанжаппайды бала күнінде анасы пісіріп беретінін айтады. Анасынан үйренген тағамын бүгінде өз балалары мен нөмерелеріне пісіріп беретін Гүлстан ана қазанжаппайды әсіресе жаз мезгілінде жиі дайындайтынын жеткізді.

Мұнан кейін Алтынқұл Әлиева анамыз қыздырма тағамының жасалу жолын көрсетті. Ол ең алдымен қуырлық май мен пиязды қуырып, сүт құйып, одан кейін бидайдың жармағын салып қайнатты. Бұл тағам егде жастағы қариялар мен жаңа босанған жа анаға беріледі. Себебі бұл ас адамға күш-қуат беріп қана қоймай, жас ананың сүті құнарлы болуына әрі жатырдың тез жылыуына өз септігін тигізеді. Бұл тағам 30-35 минутта дайындалады.

Мен бұл тағамның дәмін ең алғаш Өзбекстан ауруханасында жатқанда татып көрдім. Жанымда 85 жастағы әже ем алып жатты. Сол кісіге күнде келіні осы тағамды әзірлеп өкелетін. Бірде жанымдағы әже маған да осы тағамның дәмін татып көруді ұсынды. Сол кезде әжеден «Бұл қандай тағам?» деп сұрағанымда ол кісі егде жастағы және жа-

на босанған аналардың әл жинауына септігін тигізетін қыздырма деген тағам деп жасалу жолын түсіндірген болатын. Бірінші баламды босанғаннан кейін көрші апам осы тағамды дайындап берді. Сол кісіден үйреніп, бүгінде өзім қызым немесе келінім босанған кезде осы тағамды дайындап беруді дәстүрге айналдырғаным. Себебі осы тағамнан өзім әл-қуат алып, денсаулығым тез қалыпқа келген болатын. Жақында ғана ұлыстың ұлы күнінде көрші келінім босанып, соған да осы тағамды өз қолыммен әзірлеп бердім. Бұл тағам денсаулыққа өте пайдалы, адамға үлкен күш-қуат береді, – дейді Алтынқұл Әлиева.

Алтынқұл анамыздың айтуынша, бұл тағам тек егде жастағы қариялар мен жас аналарға ғана емес, жорыққа шыққан ер-азаматтарға да арнайылап дайындалған. Себебі бидай адамды

ұзақ уақыт тоқ күйде ұстайды. Сондай-ақ ол бұл тағамды жыл сайын Ұлыстың ұлы күнінде әзірлеп, ауылдағы жас аналарға ұлттық тағамның жасалу жолын үйретіп келеді.

Бұл көрме арқылы қазақ халқының бай дастархан мәдениеті мен ұмыт қалған ас мәзірі қайта жаңғырып, жас ұрпаққа тағалымды үлгі болды. Шара барысында «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Шоңмұрынқызы ұлттық тағамдардың қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысында ерекше орын алатынын атап өтті. Сонымен қатар ұмыт бола бастаған дәстүрлі ас түрлерін жаңғыртып, оларды жас ұрпаққа насихаттаудың маңыздылығына тоқталды.

Аудан орталығынан шалғай орналасқан Аққыр ауылында бүгін тағалымды мол шараның куәсі болдық, яғни шара аясында түрлі тағамның жасалу жолымен таныстық. Оның ішінде қыздырма, балқуырдақ, және ірімшіктің сары суынан да құнарлы тағам жасауға болатынын білдік. Шыны керек, осы жерде отырған біраз ана бүгінге дейін ірімшіктің де суынан тәтті жасауға болатынын білмейтіндерін, алғаш рет көріп отырғандарын жасырмай айтып отыр, яғни, біз бұл шара арқылы бір-бірімізбен тәжірибе алмасып, ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдармен таныстық. Осындай ішкі шаралар арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артады. Бұл бастаманың жастарға бөер тәрбиесі мол – деді Қаншагүл Шоңмұрынқызы.

Мұнан өрі шара ауылдық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты. Аққыр аспанын өсем өнге бөлеген ұлар шара барысында ат төреу дәріптелген додада Алтынқұл Әлиева бас жүлде иеленді. Жұлелі і орынға Гүлстан Пазылова, II орынға Әсия Садықова лайық деп танылды. Сондай-ақ Гүлбахрам Жылғалиев мен Науат Бөтенова үздік үштікті түйіндеді.

Қатысушыларға аудандық партия филиалының дипломдары мен сыйлықтары табыс етті. Сонымен қатар шараға атсалысқан азаматтарға құрмет ретінде ұлттық құндылықтарды насихаттайтын кітаптар табысталды.

С.НҰР

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліні, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2983 Тапсырыс №750
---	---	--	--	--